


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін

Университет ректоры, т.ғ.к.

 К.К. Дауренбеков

Ғылыми Кеңесінің шешімі

№ 2а хаттама «6» 11 2021ж



САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ
ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2021ж

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ереже

1. Жалпы ереже.

Сапа жөніндегі комиссия тұрақты жұмыс істейтін алқа және білім сапасын қамтамасыз ету мақсатында құрылған басқару органы болып табылады. Жеке құрам ректордың бұйрығымен бекітіледі және жылына кемінде бір рет қайта қаралады.

2. Мақсаты: Университетте білім беру үрдісінің сапасын тұрақты арттыру арқылы белгіленген талаптарға сәйкес мамандарды тиімді даярлауды жүзеге асыруға жәрдемдесу.

3. Міндеттері:

Білім беру бағдарламаларының мазмұны мен іске асырылу шарттарын бағалау;

Бағалау саясаты мен академиялық мәселелерді талдау;

Білім алушыларды жалпы білім беру сапасын және оның жекелеген компоненттерін бағалауға тарту;

Білім алушылар тарапынан білім сапасының мониторингін ұйымдастыру;

Білім беру қызметін тұтынушылар ретінде білім алушылардың қажеттіліктерін кешенді бағалау;

Университетте білім беру сапасына қатысты мәселелер бойынша зерттеулер жүргізу, білім беру үрдісі барысында қызметкерлер мен білім алушылардың мәселелерін жою бойынша практикалық шешімдер әзірлеу;

Білім алушылардың оқу, оқудан тыс, ғылыми және кәсіби мүдделерін ескере отырып, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

Білім алушыларды білім беру үрдісіне ынталандыру жүйесін құру және дамыту, білім алушыларды оны бағалауға тарту;

Білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша университеттің құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекеттесу.

4. Қызметтері:

Модульдік білім беру бағдарламаларының мазмұнына бағалауды жүргізу;

Білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттарын зерделеу, бағалау саясатының сапасын бағалау;

Білім беру бағдарламалары мен пәндер сапасының сәйкестігі бойынша сауалнама жүргізу;

Академиялық адалдықты бұзу фактілерін қарастыру;

Білім беру бағдарламалары, пәндер/модульдер сапасының сәйкестігі, академиялық адалдықты бұзу фактілері және т. б. бойынша сауалнама, сұрау, сұхбат жүргізу арқылы білімгерлерді университетте білім беру сапасын бағалауға тарту;

Университетте білім беру қызметінің сәйкессіздіктері, бұзушылықтар туралы студенттер мен қызметкерлердің хаттарын, өтініштерін, шағымдарын талдау;

Университетте білім берудің сапасы мәселелері бойынша білім алушылар мен оқытушылардан келіп түскен өтініштер бойынша шешімдер әзірлеу;

Білім сапасы мәселелері бойынша университет әкімшілігі мен білім алушылардың кездесулерін ұйымдастыру;

Университет әкімшілігімен кездесулер өткізу аясында білім сапасы бойынша білім алушылардың сұрақтарын жинауды ұйымдастыру;

Университет әкімшілігімен кездесулер нәтижесінде жасалған білім беру сапасы бойынша іс-шаралар жоспарларының және Комиссия қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылау;

Білім алушыларды университеттің жаңа нормативтік актілері, білім беру сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар туралы ақпараттандыру;

Комиссия жүзеге асырған білім беру сапасын арттыру бойынша іс-шаралардың нәтижелілігін талдау;

Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша басшылыққа ұсыныстар әзірлеу.

5. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы: ректор

Комиссия мүшелері:

Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі жөніндегі проректор

Тәрбие ісі жөніндегі проректор

Стратегиялық даму және экономикалық мәселелер жөніндегі проректор

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы

Бір жоғары мектептің декандары

бір кафедраның меңгерушісі

Жоғары мектептердің оқытушылары (кемінде екі адам)

Бакалавриат студенті

Магистрант

Түлектер (кемінде екі адам)

Жұмыс беруші (кемінде екі адам)

Жауапты хатшы: ішкі сапаны қамтамасыз ету және стратегиялық талдау бөлімінің қызметкері.

6. СҚК мүшелерінің міндеттері:

1. Осы Ереженің талаптарын орындау.

2. СҚК жұмысына белсене қатысу, отырыстарға уақтылы қатысу және берілген материалдарды сапалы қарастыру, ұсыныстар дайындау.

3. СҚК шешімдерін сапалы орындау.

4. Білім сапасын қамтамасыз ету және сапа мәдениетін қалыптастыру әрекеті.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия өз қызметін бекітілген жұмыс жоспары негізінде (семестрде 1 реттен кем емес) жүзеге асырады және хаттамалармен ресімдейді. Комитеттің жұмысы туралы есеп университеттің Ғылыми кеңесінің қарауына шығарылады.

Келісілді:

Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор м.а.



А.М.Шильманова

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы м.а.



Б.Ж.Паридинова

Білім беру және педагогика жоғары мектебі деканының м.а.



Л.Е.Сапартаева

Бизнес, техника және технология жоғары мектебі деканының м.а.



Ғ.Ж.Тасболат

Құрастырғандар:

Ішкі сапаны қамтамасыз ету және стратегиялық талдау бөлім басшысы



Л. Қ.Спанова

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарманың бас әдіскері



А.У.Тулепбергенова

